

**Бракераж комиссиясы отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 05.09.2023 ж.

Қатысқандар

Комиссия төрағасы Шалабаева Н.А.

Комиссия мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Баймульдина А.Ж.

Ата аналар комитетінің төрағасы - Курманова А.Е.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы - Айгазинова А.Т.

Қамқоршылық кеңес төрайымы - Куликбаева Н.Н.

Ата-аналар комитетінің мүшесі - Нұрболат К.

Мектеп медбикесі - Асанова А.С.

Күн тәртібінде:

1. Көпбалалы және АӘК алатын отбасылардың шыққан балаларды тегін ыстық тамақпен қамту туралы

2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Тыңдалды:

1. Көпбалалы және АӘК алатын отбасылардың шыққан балаларды тегін ыстық тамақпен қамту туралы

Жаңа оқу жылында мектебімізде 75 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасы»

Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 75 құрап отыр. Оның ішінде тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың саны 52 болса, демеушілік есебінен әзірге 33 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 2 уақытта ұйымдастырылды. Мысалы:

1-4 сынып оқушылары 9.50-10.05

5-10 сынып оқушылары 11.40-11.55

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік

байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

1. Ата-аналардан келіп түскен өтініш негізінде жалпыға бірдей білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітілсін.
2. 2023-2024 оқу жылында асхана жұмысы барлық санитарлық талаптарға сай ұйымдастырылысын.

Қатысқандар

Комиссия төрағасы Шалабаева Н.А.



Комиссия мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Баймульдина А.Ж.



Ата аналар комитетінің төрағасы - Курманова А.Е.



Кәсіподақ ұйымының төрайымы - Айгазинова А.Т.



Қамқоршылық кеңес төрайымы - Куликбаева Н.Н.



Ата-аналар комитетінің мүшесі - Нұрболат К.



Мектеп медбикесі - Асанова А.С.

